

**Өткізген: Қожахметова Карлыгаш Алибековна**

**Лисаков қаласының №1 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.**

**Үйірме сабағының тақырбы:** Мамандықтар

**Сабақтың мақсаты:** Қазақ тілін түсіну және білу. Білген сөздерді күнделікті өмірде дұрыс қолдану: тақырыпқа байланысты тапсырмалар беру арқылы білімдерін толықтыру;сөздік қорларын байыту;қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекіліктер:** видеоролик, слайдтар, плакаттар, интерактивті тақта, компьютер, үлестірмелі парақшалар.

**Сабақтың әдісі:** сұрақ - жауап, суретпен жұмыс, топтық жұмыс,баспалдақ әдісі

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Сәлеметсіздер ме !Құрметті қонақтар және үйірме жұмысының қатысушылары,яғни әріптестерім.

Қатысушыларды орындарынан тұрғызып, шаттық шеңберін құру/

Қуанамын менде,

Қуанасың сенде.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге деп бір-бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік. Мен сіздерге бүгінгі күнге сәттілік тілеймін!!

**Шаттық шеңбері:** Шеңберде тұрып бір- біріне жақсы тілек айтады.

Махаббат тілеймін. көп ақша тілеймін. денсаулық тілеймін.  
шығармашылық табыс тілеймін.бақыт тілеймін.қуаныш тілеймін.молшылық тілеймін.береке тілеймін.ырыс тілеймін, байлық тілеймін.

**Топқа бөлу:**Сиқырлы қорабша арқылы сабақты екі топқа бөлемін.

**Мұғалімдер және дәрігерлер**

Енді сабағымызды бастамас бұрын бір-неше сұраққа жауап берейік.

Берілген сұрақтарға ауызша жауап беру:

— Сіздер қай Республикада тұрасыздар?

— Қазақстанның астанасы қай қала?

— Қазақстанның қай қалаларын білесіздер?

-Жылдың неше мезгілі бар?

**1.Тыңдалым:** Қатысушыларға видео ұсынылады.Мұқият тыңдау қажет. Осы видео арқылы сабағымыздың тақырыбын айтамыз.

Сонымен мультфильмде не туралы айтылады?

Қандай мамандықтың атаулары бар?

Бүгінгі біздің үйірме сабағымыздың тақырыбы мамандықтар.Мақсатымыз қазақша мамандық атаулармен танысу.Берілген тапсырмаларды орындау.

**2. Ендігі кезекті «Тілашар» айдарына берейік.Слайдтар арқылы жаңа сөздермен танысайық.**

Жазушы – (писатель)

Аспаз - (повар)

Мұғалім (учитель)

Балықшы – (рыбак)

Суретші - (художник)

Наубайшы –(пекарь)

Құрылысшы – (строитель)

Сатушы –( продавец)

Әнші – (певец)

Кітапханашы – (библиотекарь)

Өрт сөндіруші-пожарник

Тігінші-швея

Әскери қызметкер-военнослужащий

Шаштараз-парикмахер

(Мен оқимын, қатысушылар аудармасын табады .)

**3Енді суреттерді сөйлетейік.**Слайдтарда берілген суреттерді атаймыз мамандық иелерін және де сөз тіркесін немесе сөйлем құрастырып айтамыз.

Мамандықтың түрлері өте көп.Біз бүгінгі сабағымызда ең

белгілі ,қажетті,күнделікті кездесетін мамандық түрлерін алдық.

Олар: мұғалім және дәрігер

#### **4. Айтылым мен жазылым: Критериалды бағалау**

1. Берілген мамандықтар бойынша суреттерді таңдау.
2. Суреттерді рет ретімен қою.
3. Сөз тіркестерін немесе сөйлем құрау.

Екі топқа **баспалдақ әдісі** беріледі.Қатысушыларға суреттер беріледі,сол суреттердің ішінен өздерінің мамандықтары бойынш таңдап алулары керек берілген суреттерді рет ретімен қойып,оларды сөйлетірулері керек.

**5.Сергіту сәті:**Қане,аздап шаршаған шығармыз.Енді орнымыздан тұрып шамалы қозғалып,би билейік.

#### **6. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны.**

Дұрыс (ия) болса ия дейсіздер, бұрыс болса жоқ дейсіздер.

Қойшы балаларды оқытып жүр.(жоқ)

Жүргізуші машина жүргізеді (ия)

Аспазшы үй салып жүр.(жоқ)

Дәрігер адамдарды емдейді.(ия)

Жазушы хат, газеттер тасып жүр( жоқ).

Дәрігер етік тігіп отыр.(жоқ)

Мұғалім балаларды емдеп жүр.(жоқ)

Ұшқыш әдемі киім тігеді.(жоқ)

Өрт сөндіруші өртті сөндіреді.(ия)

Суретші сахнада ән айтып тұр.(жоқ)

**7. Мамандықты тап. (ойын).** Қатысушыларға гүлдің жапырақтары беріледі.Гүлдің жапырақтарында мамандықтың атаулары болады.



Сабаққа қатысушыларға яғни әр топқа гүлдердің жапырақтарында жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандық иелерінің кескін-келбетін ым-ишарамен рөлге ене отырып, көрсетуі керек. Ал екінші топ табу керек бұл қандай мамандық екенін.

### **8. Қорытындылау: Жағдаяттық тапсырма. (Мұғалім және дәрігер)**

1. Мұғалім мен оқушы арасындағы диалог.
2. Дәрігер мен науқас арасындағы диалог.

Сабақтағы белсенділіктеріңізге рахмет!





#44834725

Дәрігер

Дәрігер

Дәрігер

Дәрігер

Дәрігер

Ұстаз

Ұстаз

Ұстаз

Ұстаз

Ұстаз

Дәрігер



Мүғалім

*Мүғалім*

Жазушы – (писатель)

Аспаз - (повар)

Мұғалім (учитель)

Балықшы – (рыбак)

Суретші - (художник)

Наубайшы –(пекарь)

Құрылысшы – (строитель)

Сатушы –( продавец)

Әнші – (певец)

Кітапханашы – (библиотекарь)

Өрт сөндіруші-пожарник

Тігінші-швея

Әскери қызметкер-военнослужащий

Шаштараз-парикмахер

# Критериалды бағалау

1. Берілген мамандықтар бойынша суреттерді таңдау.
2. Суреттерді рет ретімен қою.
3. Сөз тіркестерін немесе сөйлем құрау.